

ӨОЖ 37.0 : 821.512.122.0; МҒТАР 14.09.03
<https://doi.org/10.47526/2024-3/2664-0686.100>Е. ТҰРҒЫНОВ¹, Г.С. КАРИМОВА², А.Ә. НАЙМАНБАЕВ³¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің PhD докторанты
(Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: erkinbek230388@gmail.com²PhD, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің
қауымдастырылған профессоры (Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: karimova_g77@mail.ru³PhD, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
(Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: almaz-88.80.17@mail.ru

БЕЙІМБЕТ МАЙЛИННІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАЛАРЫН ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ МЕН ДИДАКТИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

Аңдатпа. Мақалада Бейімбет Майлиннің әлі ғылыми айналымға енбеген, әдіскер-ғалымдар тарапынан назарға алынбаған педагогикалық мұралары талданып, олардың отандық ғылымды дамытудағы маңызы бағаланады. Қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар көрнекті жазушы Бейімбет Майлиннің қаламынан туған төрт оқу кітабы алғаш рет зерттеу нысанына алынып отыр. Зерттеуде жазушының артында қалдырған оқу кітаптарының жазылу тарихын зерделеу, олардың мазмұндық-құрылымдық жүйесін болашақ филолог мұғалімдерге таныту жолдары сараланды. Отандық оқулықтану ғылымының қалыптасу тарихы туралы ақпарат бере отырып, білім алушылардың кәсіби-танымдық, зерттеушілік құзіреттіліктерін қалыптастырудың мүмкіндіктері талданып отыр.

Мақалада тақырыптың ғылыми-әдіснамалық және әдістемелік аспектілері өзара бірлікте қарастырылады. Зерттеу жұмысындағы басты идея – студенттерге тарихи мұраларды талдату барысында білім берудің жаңа технологиялары мен интерактивтік оқыту әдістерін тиімді қолдану қажет, себебі бұл өз кезегінде білім алушылардың кәсіби білім сапасын арттыру мүмкіндіктерін кеңейтеді. Мақаланың ғылыми маңыздылығы қолданылған оқытудың біртұтас әдістемелік жүйесі мен оқу материалдарын талдау және оларды таңдау критерийлерін студенттердің жоба жұмыстарын ұйымдастыруда, мәтінге кешенді талдау тапсырмаларын орындатуда қолдануға тиімділігін көрсетеді. Бұл айтылғандар ұсынылып отырған зерттеу жұмысының жаңашылдығын, тың тақырыпқа арналғандығын дәлелдейді. Сонымен қатар, тақырыптың өзектілігін танытады.

Мақалада Бейімбет Майлиннің қаламынан туған оқу кітаптарын филолог студенттерге танытудың тиімді жолдары талданады, технологиялық шарттары жүйеленеді. Педагогикалық эксперимент барысында студенттердің теориялық және тарихи-педагогикалық мұраларға байланысты кәсіби біліктіліктерін, оқу материалдарына қатысты сыни ойлау дағдыларын дамыту көзделеді. Олар арнайы электив пәннің бір модулінде қамтылған жұмыстардың барысы мен нәтижелеріне талдау жасау арқылы дәйектеледі. Мұндай кешенділік мақалада

* Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:

Тұрғынов Е., Каримова Г.С., Найманбаев А.Ә. Бейімбет Майлиннің педагогикалық мұраларын оқытудың маңызы мен дидактикалық шарттары // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2024. – №3 (133). – Б. 380–394. <https://doi.org/10.47526/2024-3/2664-0686.100>

*Cite us correctly:

Turgynov E., Karimova G.S., Naimanbaev A.A. Beiimbet Mailinnin pedagogikalyq muralaryn oqytudyn manyzy men didaktikalyq sharttary [Importance and Didactic Conditions of Teaching the Pedagogical Heritage of Beyimbet Maylin] // *Iasau universitetinin habarshysy*. – 2024. – №3 (133). – B. 380–394. <https://doi.org/10.47526/2024-3/2664-0686.100>

Мақаланың редакцияға түскен күні 05.06.2024 / қабылданған күні 27.09.2024

көрсетілген зерттеу нәтижелерінің біртұтастығы мен ұсынылған қағидалардың сенімділігін қамтамасыз етеді.

Зерттеу жұмысында тарихи-педагогикалық, жүйелік-типологиялық, жанрлық-стильдік талдаулар заманауи талаптарға сай оқыту технологияларымен өзара сабақтастықта қолданылды. Зерттеу нәтижесі осы бірліктің тиімділігін толық көрсетті.

Кілт сөздер: педагогикалық мұра, оқу құралдары, тарихи сабақтастық, кәсіби-интеллектуалдық әлеует, сыни ойлау дағдылары.

Ye. Turgunov¹, G. Karimova², A. Naimanbayev³

¹*PhD Doctoral Student of Abay Kazakh National Pedagogical University
(Kazakhstan, Almaty), e-mail: erkinbek230388@gmail.com*

²*PhD, Associate Professor of Abay Kazakh National Pedagogical University
(Kazakhstan, Almaty), e-mail: karimova_g77@mail.ru*

³*PhD, Abay Kazakh National Pedagogical University
(Kazakhstan, Almaty), e-mail: almaz-88.80.17@mail.ru*

Importance and Didactic Conditions of Teaching the Pedagogical Heritage of Beyimbet Maylin

Abstract. The article analyzes the pedagogical heritage of Beyimbet Maylin, which has not yet entered scientific circulation, and has not been noticed by methodologists-scientists, and their importance in the development of domestic science is evaluated. For the first time, four educational books written by Beyimbet Maylin, a prominent writer, who have their own place in Kazakh literature, are being studied. In the study, the ways of studying the history of the writing of textbooks left behind by the writer, introducing their content-structural system to future philology teachers were differentiated. Providing information about the history of the formation of domestic textbook science, the possibilities of forming professional-cognitive and research competences of students are analyzed. The main idea in the research work is that students need to effectively use new educational technologies and interactive teaching methods during the analysis of historical heritage, because this, in turn, expands the opportunities for improving the quality of professional education of students. The scientific importance of the article is demonstrated by the unified methodological system of applied teaching and the analysis of educational materials and the effectiveness of using their selection criteria in the organization of students' project work, in the performance of complex text analysis tasks. This proves the innovativeness of the proposed research work, dedicated to a new topic.

The article analyzes the effective ways of presenting textbooks written by Beyimbet Maylin to philology students, systematizes the technological conditions. During the pedagogical experiment, it is planned to develop students' professional qualifications related to theoretical and historical-pedagogical heritage, critical thinking skills related to educational materials. They are followed by analyzing the progress and results of work included in one module of a special elective subject. Such complexity ensures the integrity of the research results presented in the article and the reliability of the proposed principles. Historical-pedagogical, system-typological, genre-style analyzes were used in the research work in conjunction with teaching technologies in accordance with modern requirements. The results of the study fully demonstrated the effectiveness of this unit.

Keywords: pedagogical heritage, textbooks, historical aspect, professional-intellectual potential, critical thinking skills.

Е. Тургунов¹, Г.С. Каримова², А.А. Найманбаев³

¹PhD докторант Казахского национального педагогического университета имени Абая
(Казахстан, г. Алматы), e-mail: erkinbek230388@gmail.com

²PhD, ассоциированный профессор Казахского национального педагогического университета имени
Абая (Казахстан, г. Алматы), e-mail: karimova_g77@mail.ru

³PhD, Казахский национальный педагогический университет имени Абая
(Казахстан, г. Алматы), e-mail: almaz-88.80.17@mail.ru

Значение и дидактические условия преподавания педагогического наследия Беимбета Майлина

Аннотация. В статье анализируется педагогическое наследие Беимбета Майлина, еще не вошедшее в научный оборот и не замеченное учеными-методистами, оценивается их значение в развитии отечественной науки. Впервые изучаются четыре учебные книги, написанные выдающимся писателем Беимбетом Майлиным, имеющими свое место в казахской литературе. В ходе исследования были дифференцированы способы изучения истории написания учебников, оставленных писателем, ознакомления будущих учителей-филологов с их содержательно-структурной системой. Предоставляя информацию об истории становления отечественного учебниковедения, анализируются возможности формирования профессионально-познавательных и исследовательских компетенций студентов. В статье рассмотрены научно-методологические и методические аспекты темы. Основная идея в исследовательской работе заключается в том, что студентам необходимо эффективно использовать новые образовательные технологии и интерактивные методы обучения при анализе исторического наследия, поскольку это, в свою очередь, расширяет возможности повышения качества профессионального образования студентов. Научная значимость статьи подтверждается единой методической системой прикладного обучения и анализа учебных материалов и эффективностью использования критериев их отбора при организации проектной работы студентов, при выполнении сложных задач по анализу текста. Это доказывает инновационность предлагаемой исследовательской работы, посвященной новой теме.

В статье анализируются эффективные способы презентации учебников Беимбета Майлина студентам-филологам, систематизируются технологические условия. В ходе педагогического эксперимента предполагается развитие у студентов профессиональных умений, связанных с теоретическим и историко-педагогическим наследием, навыков критического мышления по отношению к учебным материалам. Они подкрепляются анализом хода и результатов работ, содержащихся в одном из модулей специальной элективной дисциплины. Такая комплексность обеспечивает единство результатов исследования, изложенных в статье, и достоверность предложенных принципов. В исследовательской работе историко-педагогический, системно-типологический, жанрово-стилевой анализы применялись во взаимосвязи с технологиями обучения, отвечающими современным требованиям. Результаты исследования показали полную эффективность этого единства.

Ключевые слова: педагогическое наследие, учебники, исторический аспект, профессионально-интеллектуальный потенциал, навыки критического мышления.

Кіріспе

Тақырыптың жаңашылдығы мен өзектілігін қазақтың ұлы жазушысы Бейімбет Майлиннің соңғы жылдары табылған педагогикалық мұраларына, атап айтқанда, XX ғасырдың алғашқы жартысында жарық көрген, білім беру процесінде қолданылған оқу

құралдарына талдау жасалып, оларды болашақ педагог мамандарға таныту жолдарының зерделенуі айғақтайды. Негізгі мақсат – автордың алғаш рет зерттеу нысанына алынып отырған төрт оқу кітабының жазылу тарихын зерделеу, оқу кітаптарының мазмұндық-құрылымдық сипаттарын анықтау арқылы болашақ филолог-мұғалімдердің ұлт тарихындағы оқулықтану ғылымының қалыптасу тарихы жөніндегі өзіндік көзқарастарын, кәсіби-интеллектуалдық әлеуетін, ғылыми-танымдық құзіреттіліктерін қалыптастырудың жолдарын дәйектеу.

Бейімбет Майлин жазған оқулықтардың тарихи мәнін ашып, олардың елді сауаттандыру ісіндегі рөлін таныту – ұлттық педагогика ғылымының даму жолында өзіндік үлесі бар еңбек ретінде бағалау мен осы еңбектердегі білімдік және тәрбиелік негіздердің өз заманына сай ішкі ерекшеліктері туралы ой-тұжырым қалыптастыру бағытындағы аса маңызды қадамның бірі. Себебі студенттермен жүргізілетін өздік жұмыстардың барысында да отандық оқулықтану ғылымының даму кезеңдері туралы мол мағлұмат беріліп отырады. Ол үшін зерттеу жұмысында оқу үдерісінің даму тарихына қатысты тың деректер мен соны тұжырымдар ұсынылып отырды.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Мақалада 1929 жылы жарық көрген «Шала сауаттылар үшін оқу кітабынан» [1], бастап 1930 жылғы сол кітаптың «түзетіліп, 4-басылуы» деп көрсетілген жетілдірілген нұсқасы [2], сонымен қатар мұқабаларында «BEJIMBET, GABIT» авторлығымен 1933 жылы жарияланған «Сауат үшін» (сауаттандыру мектептеріне арналған әліппе құралы) [3] және 1935 жылы авторлары «BEJIMBET, GABIT, AMIRGAN» деп белгіленген «Сауаттандырғыш» (сауатсыздар әліппесі) [4] деген атаумен шыққан оқу кітаптарына қатысты материалдарды жоғары оқу орны студенттеріне меңгертудің тиімді жолдары сараланады.

Зерттеу барысында автордың еңбектерін талдай отырып, Б.Майлиннің педагогикалық мұраларының тарихи-методологиялық және әдістемелік ерекшеліктерін таныту үшін, сонымен қатар, филолог-студенттердің кәсіби-тұлғалық, ғылыми-зерттеушілік қабілеттерін дамыту мақсатында мынадай әдістер қолданылды:

- теориялық талдау әдістері (оқулық мәтіндерін, психологияға, педагогика мен дидактикаға, оқыту әдістемесіне қатысты еңбектерді зерделеу);
- модельдеу әдістері;
- салыстырмалы талдау әдісі;
- жинақтау, ой қорыту әдісі;
- оқулықтардың мазмұндық-құрылымдық түзілімін жүйелеу әдісі;
- әлеуметтік-педагогикалық (студенттердің СӨЖ және ОСӨЖ тапсырмаларын талдау, бақылау және т.б.);
- эксперименттік әдістер (бақылау және қалыптастырушы эксперимент жүргізу).

Алғаш рет Бейімбет Майлиннің оқу-ағарту саласына қатысты еңбектерінің арнайы талдануы мен оның жоғары білімді мамандар даярлау бағытында электив пәннің білім мазмұнына енгізілуі және оны оқытудың жолдарының саралануы зерттеу жұмысының теориялық маңыздылығын көрсетеді. Ал, практикалық мәні студенттер үшін тарихи еңбектерді саралауға қатысты кешенді жұмыстардың үйлесімді жүргізу әдістемесінің жасалуынан танылады.

Талдау мен нәтижелер

Өткен ғасырдың алғашқы ширегі ел тарихында аса үлкен түбегейлі өзгерістердің орын алуымен ерекшеленеді. Кеңес өкіметі орнағаннан кейін Қазақ АКСР-нің Халық ағарту комиссариаты құрылып, оған А.Байтұрсынұлы халық комиссары болып сайланды. Ұлт ұстазының қолға алған алғашқы қадамы ұлттық мектеп құру және оларды оқу бағдарламаларымен және төл оқулықпен қамтамасыз етуге бағытталды. Ел тарихында алғаш

рет қазақ тілінде 14 оқулық шығарылды. XX ғасырдың 20–30-жылдары Алаш қайраткерлері зайырлы білім беру саласына еңбек етіп, оқулықтар жазды. Осы кезеңде А. Байтұрсынұлының «Тіл - құрал», «Әдебиет танытқыш», М. Дулатовтың «Есеп кітабы», Ж. Аймауытұлының «Тәрбиеге жетекші», «Психология», М. Тынышбаевтың «Қазақ халқының тарихы», М. Жұмабаевтың «Бастауыш мектептегі ана тілі», «Педагогика» және тағы басқа оқулықтары жарық көрді. Сонымен қатар, Х. Досмұхамедұлының («Табиғаттану» – 1922, «Адамның тән тіршілігі» – 1927, «Қазақ халық әдебиеті» – 1932), М. Әуезовтің («Халық әдебиеті» – 1927), С. Сейфуллиннің («Әдебиеттану» – 1932, «Қазақ әдебиеті» – 1932), Н. Құлжанованың («Мектептен бұрынғы тәрбие» – 1923, «Ана мен бала» – 1927), т.б. оқу құралдары жарияланды [5].

Он жыл ішінде ел аумағында 367 мектеп салынды, ал 361 мектеп күрделі жөндеуден өткізілді. Әйтсе де бұл жылдары қазақ орта мектептерінің саны аз еді. Мысалы, 1927–1928-жылдары республикада үш-ақ орта мектеп (Ташкент, Орынбор, Қызылорда) болды.

А. Хумарзахтың пайымдауынша, «білім беру саласында жүргізілген реформаға сәйкес, XX ғасырдың 20–30-жылдары бірқатар өзгерістерге қол жетті: заманауи білім беру жүйесіне көшкен мектептердің саны көбейді; жалпы орта білім мен мемлекеттік оқу орындарында кәсіби білімді жалпыға бірдей оқытуға көшті; халық ағарту комиссариатының білім беру жүйелері бекітілді; жаңадан ЖОО-дары ашылды; мұражай, кітапхана ісінің, баспасөз ағартушылығы қызметі жүйеленді; зайырлы білім мен ағарту жүйесіне негізделіп оқулықтар шықты; зайырлы білім мен ағарту жүйесін зерттеудің теориялық-методологиялық негіздері қалыптасты. Дәл осы кезеңде заманауи білім беру мен ағартушылықтың жүйесі қалыптасты» [6]. Бірақ халық арасында сауатсыздық азайып, халықтың біраз бөлігі хат тани бастаған тұста, яғни 1929 жылы кеңестің қитұрқы саясатының салдарынан республиканың ежелден ғылым, әдебиет, мәдениет тілі болып келген араб әліпбиінен латын харпіне көшірілуі оқу-ағарту ісінің дамуына кері әсер етті. Араб әліпбиімен шыққан мәдени бай мұралар аяусыз мансұқталып, отқа өртелді.

«Әліпбидің өзгертілуі енді қалыптаса бастаған ұлттық білім беру жүйесінің дамуына үлкен қиындықтар әкелді. Азаматтарды қайта оқытуға даярлау курстары үлгермей жатты. 1930 жылы тамызда көшпелі халық тұратын мекендерде жалпыға бірдей міндетті бастауыш оқу енгізілді» [7, 51-б.]. Сол себепті қазақ зиялылары халықты жаңа әліпби негізінде қайта сауаттандыруға жаппай мүдделілік танытты.

«Бірінші бесжылдықтың жоспары бойынша: 16 жас пен 50 жас арасындағыларды сауатсыздықты жою мектептеріне тарту, жаппай міндетті оқуды жүзеге асыру, өнеркәсіп пен ауылшаруашылығына қажетті кадрларды даярлау жүрді. Нәтижесінде 1928–1929 оқу жылында 2 миллионнан астам, ал 1930–1931 оқу жылында 11 миллион адам сауат ашты. 1930 жылы КСРО-да халықтың 67 проценті сауатты болды» [8, 10-б.].

Осы жылдары қазақ зиялылары ел ішіндегі сауатсыздықты жоюға жұмылдырылды. Олардың қатарында қазақ әдебиетінің дамуына, оның ішінде шағын жанрдағы прозалық еңбектерді жазудың хас шебері ретінде мойындалған қаламгер, публицист, драматург ретінде есімі аталып келген Бейімбет Майлин де бар еді. Бірақ соңғы уақытқа дейін танымал жазушының оқу-ағарту ісімен белсене айналысқандығы, халықтың сауатсыздығын жою жолында оқу кітаптарын жазғаны беймәлім болып келді. Б. Майлиннің оқу-ағарту саласында жазған оқулықтарында дәстүрлі оқулықтардағыдай нақты бір пәндік қызмет атқаратын жүйе немесе салалық білімге қатысты ережелер мен анықтамалық құрауыштардың болмауының себептерін сол кездегі сауатсыздықты жою талабымен бірлікте зерделеу қажет.

Ең әуелі «Шала сауаттылар үшін оқу кітабының» [1] ішкі мазмұнына еңбес бұрын осында көрсетілген «шала сауаттылар» деп аталған әлеуметтік топқа кімдер жататынын анықтау көзделді. Ұлттық лингвистика мен қазақ тілін оқыту әдістемесінің негізін салушы ғалым Ахмет Байтұрсынұлы былай дейді: «Оқи да, жаза да білетін адамды сауатты адам

дейді. Ал сауаттылық оқу ма, жазу ма? Сауаттау әдісі – сауатсыздықты жою әрекеті, сондықтан сауаттылықтың негізіне үңілу арқылы сауаттау әдісін білуге тырысамыз. Тек қана оқуға қабілетті, ал, жазуды білмейтін адам – шала сауатты адамдар» деп анықтама берген [9, 244–245-бб.]. Олай болса, жаза алмайтын, бірақ оқуға қабілетті адамдар тобына арналған кітап – Б. Майлиннің жеке авторлығымен жарық көрген «Шала сауаттылар үшін оқу кітабы».

Жоғарыда айтылғандай, 1929 жылы қазақ елі араб жазуына негізделген төте жазудан латын әліпбиіне еріксіз өткен болатын. Сондықтан Б. Майлин де өз кітабын латын әліпбиімен жазған. Бұл еңбек тек мазмұндық сипатымен ғана емес, сонымен қатар жазу харпінің жаңалығымен де ерекшеленеді. Төте жазудан қалған қағида болса керек, оқу кітабында бас әріп ұғымы мүлдем жоқ, яғни қолданылмаған. Бас әріп Б. Майлиннің 1931 жылы жарық көрген кітаптарынан басталғаны байқалды. Кітаптың сыртқы безендірілуінде тағы бір көзге түскен жәйт – «Қазақстан» сөзі «Қазағыстан» болып жазылғаны [1].

Б. Майлиннің оқу кітаптарына талдау жасауда отандық оқулықтану тарихына қатысты айтылған ғалымдардың пікірлері басшылыққа алынды [10; 11].


«Бейімбет Майлиннің әдеби-шығармашылық әлемі» атты электив курс аясында ұсынылған білім мазмұнына енген оқу кітаптарына байланысты тақырыптар модульдік оқыту технологиясына негізделіп меңгерілді. Оқу модулі – элективтік пән мазмұнының логикалық тұрғыдан жинақталған бөлігі. Сондай-ақ, модульдік оқытуда әр бөліктің өзінің мақсаты, меңгерілуі тиіс білім, білік, іскерліктер нақтыланып беріледі де, оны игертудің тиімділігі арта түседі. Оқу модуліне тақырыптарды топтастырғанда, білім мазмұны мен орындалатын тапсырмалардың танымдық және кәсіби сипатқа ие болуына назар аударылды, сол материалдардың танымдық (ақпараттық) және кәсіби (оқу-кәсіби) бөліктері болуы талап етілді. «Модуль – бұл қандай да бір тұтас жүйенің белгілі бір функционалдық жүкті арқалап тұратын дербес бөлігі. Оқыту теориясында модуль – маманның кәсіби білімдері мен біліктіліктерін қалыптастыруға қажетті ақпараттың не әрекеттің мөлшері болып саналады» [12, 56-б.]. Сондықтан эксперимент барысында студенттерге берілетін СӨЖ, ОСӨЖ тапсырмалары арқылы төрт оқу кітабының халықты сауаттандыру ісінде атқарған қызметін ғана емес, осы еңбектерге талдау жүргізе отырып, автордың кәсіби шеберлік деңгейінің өсуін де бағалау, білім мен саясаттың өзара ықпалдастығын да бағамдау ыңғайындағы талдау, жинақтау, ой қорыту дағдыларын дамыту көзделді.

Эксперимент барысында зерттеу нысаны өзімен ұқсастық қатынастағы басқа бір объектімен алмастырылатын модельдеу әдісі қолданылды. Студенттерге берілетін жұптық жұмыс түрінде ұсынылған тапсырмаларда, алдымен, оқулықтардың мазмұндық-құрылымдық жүйесін модельдеу тапсырылды. Бұл, біріншіден, студенттердің өзіне берілген оқу кітаптарының мазмұнымен мұқият танысуға мүдделілігін тудырды. Өйткені олар талдайтын құралдың жалпы мазмұнын ғана емес, оның дидактикалық ерекшелігін де ашуы қажет болды.

Жұптық тапсырма. Бейімбет Майлиннің оқу кітаптары бойынша төменде берілген кестені толықтырыңыздар.

№	Оқу кітабы	Мазмұндық-құрылымдық жүйесі	Дидактикалық сипаттары
1	Шала сауаттылар үшін оқу кітабы (1929)		
2	Шала сауаттылар үшін оқу кітабы. 4-басылуы (1930)		
3	«Сауат үшін» (сауаттандыру мектептеріне арналған әліппе құралы) (1933)		
4	«Сауаттандырғыш» (сауатсыздар әліппесі) (1935)		

Нақты объектінің моделін жасау үшін студенттерге жұмысты орындау талаптары мен бағалау критерийлері ұсынылды. Соған сүйеніп, зерттеуші жұп кітапты зерттеп, алған нәтижелерін ұқсастық және үйлестік заңы бойынша түпнұсқаға көшіруі тиіс болды. Латын харпімен жазылған оқу кітаптарының бірден студенттердің қызығушылығын тудыруы, әрине, оңай емес. Сондықтан модельдеу әдісінің түпнұсқаны зерттеу қиын болғанда қолданылатыны ескерілді. Модель мен түпнұсқа арасында белгілі бір ұқсастық болуы басты критерий ретінде қойылғандықтан, студенттің модельді түзу кезінде алған ақпараттарын түпнұсқаға көшіруге бейімі артты, сонымен бірге көшіру үшін ұқсастықтың, талдау мен синтездің әртүрлі формаларын қолдануға үйренді. Модельдердің форматын студенттер өздері таңдауы тиіс болды. Себебі нысан мен оған қатынас мәндерді көрсететін көрнекі құралдардың бірі (шартты бейне, сызба және т.б.) болғандықтан, модельдің құрылымын да білімалушылардың өздеріне таңдату олардың жауапкершілігін арттырды, бәсекелестік қабілеттерін шыңдады, креативтілікке ұмтылдырды [13, 356-б.]. Нәтижесінде бұл әдіс арқылы жүргізілген тапсырмалар студенттердің бойындағы ойлау, сөйлеу, модельдеу дағдыларын өзара тұтастықта дамытуға оң ықпал етті (1-сурет)



1-сурет – Студенттердің модельдеу тапсырмалары арқылы қалыптастырылған тұлғалық қабілеттерінің құрылымы мен көрсеткіштері

Эксперимент барысында студенттердің тарихи жәдігер ретінде Б. Майлиннің педагогикалық мұраларына деген танымдық қызығушылығын қалыптастыру үшін өздік жұмыстарда салыстырмалы әдіске негізделген тапсырмалар ұсынылды. Ол үшін оқу құралдарының жазылған кезеңін тарихи аспект ретінде алып, оған байланысты деректер, саяси және әлеуметтік факторлар, елде қалыптасқан жағдайлар туралы ақпарат табу тапсырылды. Отандық педагогика ғылымының даму тарихына қатысты мәліметтер іздеу жүктелді. Бұл білім олардың теориялық ойлау қабілеттерін жетілдіреді. Ал, кез келген жаңа білім студенттерді ізденімпаздыққа бастайтын қайнаркөз болып саналады. Өйткені жаңа білім жаңа танымдық әдістерді белсендіреді.

Сонымен қатар, пәнаралық байланысты күшейту және білімалушылардың кәсіби-танымдық, мәдени-ақпараттық, коммуникативтік-прагматикалық құзіреттіліктерін жетілдіру мақсатында олардың ізденім әрекетін қалыптастыруға мән берілді. Өйткені салыстырмалы әдіс бойынша орындалатын тапсырмаларда студенттердің ойлау, елестету, жадта сақтау, зейінін шоғырландыру секілді психикалық үдерістер жүзеге асырылады. Бұл өз кезегінде олардың ойлау белсенділігін арттырады, өзіндік ой түйю қабілеттерін ширатады.

Эксперимент барысында Бейімбет Майлиннің оқу кітаптарына деген танымдық қызығушылықты тудыру үшін мынадай технологиялық-педагогикалық шарттарды сақтау міндеттелді:

1. Оқу материалдарының мазмұнына қатысты шығармашылық тапсырмаларды талғап қолдану. Бұл бағыттағы тапсырмаларды орындатуда студенттердің мәселеге тереңірек үңіліп, өзіндік дүниетанымын қалыптастыруға ықпал етуі маңызды болды. Мысалы, бір ғана «Шала сауаттылар үшін» оқу кітабында 182 тақырыпта алуан түрлі мазмұндағы мәтіндер ұсынылған. Студент оларды мазмұны бойынша ақпараттық, дидактикалық және ағартушылық сипаттағы мәтіндерге жіктеу үшін оқу материалдарының мазмұнымен жан-жақты танысады. Студенттерге мақсаты өте ауқымды бұл мәтіндерді типіне қарай саралап, жіктеумен қатар, оған лингвистикалық жағынан да талдау жасату тапсырылады. Өйткені аталған оқу құралындағы көркем мәндегі туындылар көркем-стильдік жағынан қарағанда жазушының шеберлігін танытады әрі ақпараттық және ағартушылық қызмет атқарады. «Автордың көзқарасы мен мәтін мағынасы тұтастықты білдіретіндіктен, лингвистикалық қағидаттар негізінде талдау мен саралауды ұштастыру қажеттілігі де туындайды» [14, 17-б.]. Осы жұмыстар ауқымында студенттер оқу кітаптарының өзіне дейінгі және өзінен кейінгі кезеңде жазылған оқу құралдарымен ұқсастықтарын және ерекшеліктерді табады, оның себептерін тарихи контексте ашып, дәйектейді. Бұл олардың алған білімдерін практикады қолданып үйренуіне жол ашады.

2. Оқу әрекетін білім алушылардың кәсіби-интеллектуалдық әлеуетін арттыруға бағыттай отырып ұйымдастыру. Студенттер орындайтын жұмыстың мазмұндық тұрғыдан сапалы болуымен бірге оны қызықты етіп құрылымдай алу да маңызды рөл атқарады. Ол үшін жағдаяттық тапсырмалар жасақталды. Эксперимент барысында көбінесе прагматикалық диалог, полилог формаларындағы тілдесім түріндегі жұмыстар ұсынылды. Бұл, бір жағынан, студенттердің алған білімдерін жазбаша да, ауызша да сауатты жеткізу дағдыларын дамытуға септесті. Екінші жағынан, шығармашылық қабілеттерін жетілдіруге мүмкіндікті тудырды. Үшінші жағынан, пәндік-салалық терминдерді қолдану арқылы функционалдық сауаттылықтарын қалыптастырды.

3. Тарихи-танымдық оқу материалдарын зерттеп, зерделету мақсатында ақпараттық-коммуникативтік құралдарды дұрыс қолдану арқылы студенттердің технологиялық-сауаттылық дағдыларын дамыту да маңызды дидактикалық шарт ретінде қойылды. Заманауи мұғалімге қойылатын талаптың бірі – олардың АКТ құралдарын қолданып, тиімді әрі өнімді жұмыс жасауға бейімділігі. Бұл бағыттағы тапсырмалар интернет ресурстармен жұмыс түрінде ұйымдастырылды. Студенттерге Б. Майлин шығармашылығына қатысты, оның ішінде арнайы педагогикалық мұраларына байланысты буклеттер әзірлеп, оны көпшілік алдында қорғау; оқу құралдарының 90 жылдық мерейтойына арналған Дөңгелек үстел ұйымдастыру; слайд-шоу түрінде таныстырылым жасату; тарихи-танымдық бейнежазбаларды қолдана отырып, деректі көрсетілімдер дайындату; рөлдік ойын түрінде баспасөз конференцияларын өткізу және т.б. тапсырмалар орындатылды. Бұлар оқу материалдарының қызықты, тартымды, түсінікті меңгертілуіне, ең бастысы, студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуға оң ықпал етіп отырды.

Жоғарыда аталған шарттардың толық орындалуы үшін және олардың тиімділігін арттыру үшін адамзат тарихындағы білім беру жүйесіндегі оқу құралдарының тарихына,

Ұлттық ғылымдағы оқулықтану ғылымының туып, қалыптасу жолына, заманауи оқулықтарға қойылатын талаптарға қатысты қосымша ақпараттарды барынша толығырақ қамту талап етілді. Бұл студенттердің білімін де кеңейтті, ізденімдік қабілеттерін де шыңдады, танымдық қызығушылықтарын да оятты, кәсіби-интеллектуалдық әлеуеттерін де көтерді. Өйткені бұл тапсырмалар арқылы студенттердің болашақ кәсіби саласына қатысты шығармашылық ойлау әрекеттері кешенді түрде дамытылып отырды.

Зерттеу нысаны – педагогикалық жоғары оқу орнындағы филология факультетіндегі оқу үдерісі болғандықтан, сөз болып отырған оқу кітаптарындағы мәтіндермен жұмысқа ден қойылды. Бұл орайда ғалым Қ.Т. Жанұзақова атап көрсеткен интерпретация мәтіннің бүгіндей мәнін, мазмұнын, жетекші ойын, тұжырымын білуге, тереңіне бойлауға мүмкіндік беретін жалпыға ортақ негізгі қағидаттар басшылыққа алынды. Олар: а) оқырмандық интерпретация адамның шығарманы оқып шыққаннан кейінгі алғашқы әсеріне, көңіл-күйіне, сезіміне негізделеді; ә) ғылыми интерпретация – оқырман ретіндегі алғашқы әсерін ғылыми негізде жинақтап, нақтылап, әдеби талдаумен тексереді; б) шығармашылық-образдық интерпретация мәтінді көркемөнердің басқа түріне көшіру (мысалы, әдеби шығарма негізінде көркем фильм түсіру, сахналық қойылым, опера немесе балет жасау, т.т.) [15, 20-б.].

Кез келген мәтін коммуникативтік міндет атқарады. Түрі мен типіне қарамай оқу құралына енген мәтіндегі ағартушылық мәнді талдау нәтижелері жазушы-автордың, негізінен, үгіт-насихат сипатындағы ойды жеткізуге, ақпараттық-танымдық мәселеге ерекше ден қойғанын көрсетті. Десе де, Б. Майлиннің оқу кітабына енген мәтіндердегі ерекшелік оның көлемінен, шағын, жұп-жұмыр болып келуінен байқалады. «Пішін мен мазмұнның ашық немесе жасырын үйлесімділігі автордың көркемдік ниетінің айқын әрі толық көрінуіне байыпты негіз болып тұр» [16, 3-б.]. Белгілі бейімбеттанушы С. Байменше Майлиннің оқу құралдарындағы мәтіндердің ішкі мазмұнына қатысты былай дейді: «Қазіргі оқырманға, эрине, мұның артық кеңес екені аян. Алайда, отызыншы жылдардың қара шаруасы үшін мұндай ақыл-кеңестер ауадай қажет еді» [17, 51-б.]. Б. Майлин алдыңғы толқын алаштықтардың ұлт жолындағы ұлы істерін жалғастырушы тұлға деңгейіне жете алмады. Оның объективті себептері бар еді. Атап айтқанда, біріншіден, педагогикалық кәсіби білімі болмады және оқулық жазуды өмірлік мұрат тұтпады. Екіншіден, ол алаштықтар саяси қуғын-сүргінге ұшырап жатқан кезеңде ел басына туған ауыртпалыққа қарамай, ұлт перзенті ретінде уақыт жүгіне иық тосуды азаматтық борыш санады. Үшіншіден, жазу таңбасы әдейі ауыстырылып, елдің мәдени әлеуетін құлдылату мақсатында жасалған қастандық қақпанынан қарапайым халқын алып шығуға ұмтылды. Сондықтан сауатсыздарға арналған құралдағы оқу мәтіндерінде танымдық-дидактикалық сарын басым болды. Төртіншіден, кеңестік саясатты орай отырып, шаруашылық әдістерін меңгертуге ден қойғаны байқалады. Мысалы, «Сиырдың өлшемей салмағын білу» тақырыбындағы мәтінде сол замандағы сиырдың салмағын білуді үйрететін әдісті көрсеткен. ...*Мәселен сиырдың тұрқы 27, өкпелігі 26 бұршық болса, тірідей салмағы $27 \cdot 26 = 702$ қадақ (17 бұт 22 қадақ) шамасында болады.* Кейбір мәтіннен кейін «сұрау» немесе «оқушыларға жұмыс» деп пысықтау тапсырмасы да беріліп отырған. Мәселен осы мәтіннен кейін «оқушыларға жұмыс» деп мынадай тапсырма берген: «*Сиырдың салмағын тірідей өлшеп қараңдар*» – деген.

Оқу құралындағы мәтіндердің тілдік ерекшеліктерін зерттегенде, студенттерге ондағы әрбір оқиғаға кеңістік пен уақыт бірлігі ұғымын ескере отырып қарау керектігі ескертілді. Кез келген шығарма, мейлі ол тіпті оқу мәтіні болсын, бәрібір уақыт пен кеңістікке байланысты туады. Сондықтан тарихи тұрғыдан өз дәуірінде тиісті міндетін атқарған оқу мәтіндері тілінен белгілі сол уақыттың рухын жеткізетін оқиғалардың қай жерде, қай ортада болып жатқанын айшықтайтын лексика-грамматикалық бірліктерді тапқызу ұсынылды. Осы қағидаға сүйене отырып, мәтіннің жазылу кезеңіне, мәтінде көтерілген тақырыпқа, мәтін


бірліктерінің сипатына қарай диахрондық және синхрондық аспектілердің бірі таңдалуы талап етілді. Бұл тұрғыда төмендегі жүйе негізінде ғылыми тұжырымдалған «мәтін талдау сатылары ескерілді:

- мәтінді қабылдау;
- мәтінді тану және оның белгілі бір тілдегі жалпы мағынасын түсіну;
- мәтіннің белгілі бір мәдениет аясындағы мағынасын түсіну;
- оның құрылымына сәйкес диалогтік мәнін ұғыну» [18, 337-б.]

Бір ғасырға жуық уақыт бұрын жазылған еңбектегі мәтінді талдау арқылы терминдердің ұлттық тіл мен әдеби тілге қатысын анықтау ұстанымы мәтін тілінің халық тілі мен әдеби тілге қатысын саралауға мүмкіндік берді. Көркем әдебиет тілінің тарихи дамуын халық тілінің тарихынан және оның әртүрлі салаларынан оқшаулап зерттеу мүмкін емес. Себебі «сөз – танымдағы ойды таңбалау үшін қолданылатын атау. Тіл – барлық адам баласының іс-әрекетінің, таным-түсінігінің қиялы жеткен күллі мәдениет түрінің негізі, адам рухының басты қызметі» - дейді ғалым А. Салқынбай [19, 136-б.]. Яғни, ой – адамның ішкі әлемінің айнасы, ойдың сыртқы қалпы, формасы – сөз. Олай болса, жазушының қолданған сөздік қоры мен тіл құралдары мәндік, мағыналық жақтан ешуақытта өзектілігін жоймайтынын көруге болады.

Студенттер оқулық авторының оқу-ағарту бойынша жазған мәтіндерін талдау барысында көркем сөздің шебері Б. Майлин сала-құлаш мысалдар қолданудан алыс, мүмкіндігінше өз еңбегімен, қарымды қаламынан туған туындылармен құрастырғанын анықтады. Бұл мәтіндерге шынайылық пен қарапайымдылық, түсініктілік тән. Бұл жазушының өз еңбегінде Ахмет Байтұрсынұлының: «Біз сияқты мәдениет жемісіне ауызы тиген жұрт, өз тілінде жоқ деп мәдени жұрттардың тіліндегі даяр сөздерді алғыштап, ана тілі мен жат тілдің сөздерін араластыра ақырында ана тілінің қайда кеткенін білмей айырылып қалуы ықтимал. Сондықтан, мәдени жұрттардың тіліндегі әдебиеттерін, ғылым кітаптарын қазақ тіліне аударғанда пән сөздердің даярлығына қызықпай, ана тілімізден қарастырып сөз табуымыз керек» деген талабын сақтағаны анық көрінеді [8, 235-б.].

Студенттермен жұмыс барысында мәтіндерге лингвистикалық талдау кешенді жүргізілді. Сирек қолданылатын сөздердің, көнерген сөздердің, кәсіби сөздердің сөздіктегі және қолданыстағы мағынасын, грамматикалық құбылыстар мен басқа да тілдік фактілерды анықтау мақсат етілді. Әрине, классик жазушы ретінде мойындалған Б. Майлиннің оқу кітаптарындағы тақырыптар бастапқыда қарабайыр болып көрінеді. Мысалы: «Надандық кесірі мал өсіру кәсібіне де тиеді», «Сары май», «Май артелі», «Сиырдың өлшемей салмағын білу», «Қазақстанда мал бағу», «Шаруа қайткенде түзеледі?», «Малды асылдандырудың бір жолы», «Өсімдіктер қалай өседі?», «Саулық сақтау жұмысына үкімет көмегі», «Надандық күшті жерде өлім де күшті болады» деген секілді мәтіндерден көркемдік тәсілдерді табу оңай еместігі белгілі. Оған қоса, технология қарыштаған бүгінгі заманда бұл тақырыптар студент-оқырман үшін қызықсыз болуы заңды. Алайда, бұл бағытта жүргізілген жұмыстардың мәні студенттерге тарихи аспектіде талдау жасата отырып, сол кездегі саясат пен қоғамның арақатынасын айқындау, білім мен мемлекеттік стратегиялардың бірлігін дәйектеу, гуманистік идеялардың бұрмаланып, жалаң ұраншылдықтың өрістеуінің әлеуметтік-тарихи себептерін ашу көзделді. Бұл тапсырмалар студенттердің оқулықта берілген мәтіндердің дидактикалық мәнін ұғынуын қамтамасыз етті, олардың сыни ойлау қабілеттерін шыңдады. Осы орайда ұсынылған тапсырма үлгісі 2-суретте көрсетілген.

<p>Б. Майлиннің оқу кітаптарында қамтылған оқу мәтіндерін тақырыптық жағынан жинақтап, диаграмманы толтырыңыз. Автор еңбегінің құндылығын бағалап, өз көзқарасыңызды тұжырымдап жазыңыз. Сөз көлемі – 170 сөз</p>	
---	--

2-сурет – Студенттерге берілген тапсырма үлгісі

Оқу кітаптарының мазмұнымен және оның жазылу тарихымен танысып болған соң, студенттерді алған ақпараттарды шығармашылықпен қолдануға баулу мақсат етілді. Осы бағыттағы ауызша орындалатын топтық тапсырма шарты былай белгіленді: Синектика. «Автормен сұқбат». 5 студенттен топқа бірігіңіздер. Топ мүшелерінің төртеуі – журналист, біреуі осы модульде талданған 4 еңбектің авторы рөлінде сұқбат құрыңыздар.

Сұқбатта сөз болуы тиіс мәселелердің жалпы бағдары:

- еңбекті жазудағы мақсат;
- еңбектің жанрлық сипаты;
- еңбектің мазмұндық-құрылымдық ерекшелігі;
- еңбектің қазақ тарихындағы маңызы және т.б.

Б. Майлиннің педагогикалық мұраларына қатысты материалдардың негізінде шығармашылық академиялық жазылым тапсырмасы ұсынылды. Бұл осыған дейінгі мәліметтерге сүйеніп, әр студенттің жеке ой-тұжырымын жинақтату мақсатын көздеді. Тапсырма. Эсселер бәйгесі. «Бейімбет Майлиннің педагогикалық мұралары». Автордың педагогикалық мұраларының маңызы мен рөлі туралы эссе жазыңыз. Эссеге қойылатын талаптар мен бағалау критерийлері:

- тақырыптың ашылуы – 2 балл;
- тезистің дәйектелуі – 3 балл;
- ойдың жүйелілігі – 2 балл;
- сөз көркемдігі – 2 балл;
- тілдік сауаттылығы – 2 балл.

Осы модульдегі орындалған жаттығулардың қорытындысы ретінде топтық формадағы ОСӨЖ тапсырмасы берілді. Модуль бойынша жинақтаған барлық материалдарды қорытып және өзге де ресми қайнаркөздерден ақпараттар тауып, «Б.Майлиннің ұлттық білім жүйесіндегі еңбегі» тақырыбында жоба дайындаңыздар. Оның жазбаша және ауызша нұсқаларын төменде берілген талаптар мен бағалау критерийлері бойынша әзірлеңіздер.

Жоба жұмысына қойылатын талаптар былайша түзілді:

- 1) жоба жұмысының жоспарын түзу, тезисін жазу;
- 2) автордың ғұмырнамалық баянындағы деректерді сауатты қолдану;
- 3) Бейімбет Майлиннің тарихи орнын әділ бағалай алу;
- 4) өзіндік пікір мен көзқарастарын дәйектеп жеткізе алу;
- 5) Бейімбет шығармашылығына қатысты ғылыми тұжырымдарды қамту;
- 6) жобаның жазбаша мәтінін сауатты безендіру;
- 7) жобаны презентация түрінде ауызша қорғау.

Жазбаша жобаны бағалау критерийлері:

- тақырыптың ашылуы – 1 б.

- ақпараттылығы – 1 б.

- креативтілігі – 1 б.

- тілдік сауаттылығы – 1 б.

Жобаны ауызша қорғауды бағалау критерийлері:

• тақырыпқа сәйкестігі – 2 б.

• тұлғаның ғұмырнамалық-шығармашылық әлемі туралы өзіндік дара ойдың айтылуы – 1 б.

• тұсаукесер мәдениетінің сақталуы – 2 б.

Б. Майлиннің талданып отырған төрт оқу кітабы бойынша іріктеліп алынған эксперимент материалдары білімалушылардың жұптық, топтық, ұжымдық оқу әрекеттерін сапалы орындауға ықпал етті. Ол экспериментке қатысқан студенттердің ойлау, шығармашылық әрекеттерді орындау деңгейлерінен, өзара қарым-қатынас жасауға көзқарастарының өзгеруінен, жеке пікірі мен ойларын тұжырымдап жеткізе білуінің арта түскенінен байқалды. Сонымен қатар, олардың өз ойын дәлелдеп, дәйектеп жеткізу іскерліктері дамыды (1-кесте).

1-кесте – Студенттердің өз пікірін тұжырымдау, дәлелдеу, дәйектеу дағдыларының даму көрсеткіштері

Кезеңдері	Тарихи деректерді орынды қолдану	Дәйексөз қолдануы	Модельдеу білігі	Креативті шешім жасау дағдылары
Экспериментке дейін	23%	34%	10%	12%
Эксперименттен кейін	60%	58%	56 %	44%

Шығармашылық сипаттағы тапсырмалар оқушылардың пәнге деген шынайы қызығушылығын арттырып, олардың диалогтік, полилогтік тілдесім дағдыларын дамытты. Сонымен қатар, жұптық, топтық жұмыстарда бәсекелестіктің туып отыруы нәтижесінде студенттердің бойында қырағылық, жылдамдық, ұтқырлық, сыни ойлау секілді тұлғалық қабілеттерінің жетілдірілуіне қол жеткізілді (2-кесте).

2-кесте – Білімалушылардың сындарлы ойлау дағдыларының қалыптасу деңгейлері

Кезеңдері	Жылдам шешім қабылдау	Сыни ойлау	Жаңа идеялар ұсыну
Экспериментке дейін	24%	28%	15%
Эксперименттен кейін	58%	41%	52%

Жағдаяттық тапсырмалар қызықты болғандықтан, студенттер ортаға тасталған проблемаларды шешуге мүдделі болды. Сайыс түрінде өткізілгендіктен, креативтілікке ұмтылды, белсенділіктері артты.

Тарихи оқу кітабына енгізілген оқу материалдарын талдау барысында қолданылған ақпараттық-коммуникативтік құралдардың көмегімен білімалушылардың технологиялық сауаттылығын үздіксіз жетілдіруге ден қойылды. Виртуалды әлемде өмір сүріп жатқан болашақ филолог-мұғалімнің ертеңгі кәсіби әлеуетінің басты көрсеткіштерінің бірі ретінде олардың АКТ құралдарымен ұтымды әрі өнімді жұмыс жасау қабілеті болып саналатыны сөзсіз. Сондықтан бірқатар тапсырмалар интернет ресурстармен жұмыс бойынша жүргізілді. Жоғарыда атап көрсетілгендей, Б. Майлиннің педагогикалық мұраларына байланысты буклет жасату, полилогтік шаралар ұйымдастыру; ақпараттық-танымдық презентациялар көрсету; тарихи-деректі материалдар дайындау тапсырмалары ұсынылды. Мұндай ізденімдік

тапсырмалар оқу материалдарының сапалы меңгертілуіне және студенттердің креативті ойлауы мен шығармашылық ізденістерін жетілдірді.

Тарихи факторлар мен заманауи талаптардың тоғысында жасалған шығармашылық СӨЖ, ОСӨЖ тапсырмалары студенттердің аялық білім көкжиегін кеңейтті, кәсіби-интеллектуалдық әлеуетін арттырды деуге толық негіз бар.

Эксперимент барысында студенттердің ойлау әрекеті бірте-бірте өрістеп, кешенді әрі сатылы бағытта дамытылып отырды. Олардың салыстырмалы кестедегі көрсеткіші пайымды ойлаудың 24%-ға; сыни ойлаудың 29%-ға; логикалық ойлаудың 35%-ға; өнімді ойлаудың 40%-ға дейін артқанын дәлелдеді (3-кесте).

3-кесте – Студенттердің шығармашылық ойлау қабілеттерінің даму көрсеткіштері

№	Шығармашылық ойлау түрі	Сипаты мен белгісі	Эксперимент кезеңдері	
			дейін	кейін
1	Пайымды ойлау – қызығушылық пен танымдық, әуестену негізінде дамитын ойлау әрекеті.	Мәселенің байыбына бару, зерделеп-зерттеуге бастайтын қадам. «Неге?», «Неліктен?», «Басқаша жасаса ше?» т.б. сұрақтарға жауап іздеу.	54 %	78 %
2	Сыни ойлау – істің мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз ету мақсатында сын тұрғысынан ой қорыту әрекеті.	Заттардың белгілері мен қасиеттерін, ерекшелік және басқа жан-жақты белгілерді саралап, ол деректер мен ұғым-түсініктерді жақсы білу, үнемі іздену.	42 %	71 %
3	Логикалық ойлау – ақпаратты, мәліметті дәлелдеу мен теріске шығару, әр қырынан саралай білу әрекеті.	Салыстыра қарастыру, зерделеп-зерттеу, ойлау ұшқырлығы мен пайымды пікір айту қисыны, ойды жүйелеу, ойдың байланысы мен дамуы.	36 %	65 %
4	Өнімді ойлау – кез келген жағдайда ойлау түрлерінің тиімді, ұтымды тәсілдеріне сүйене отырып, нәтижелі әрі дәл ойлау.	Кез келген заттан, мәліметтен, құбылыстан тың идея көре білу, даналық сатысы, ұлы өзгерістер бастауы.	28 %	44 %

Қорытынды

Қорыта айтқанда, зерттеу жұмысында болашақ филолог мамандарға және қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдеріне қазақ әдебиетінің классигі, көрнекті жазушы Бейімбет Майлиннің шығармашылық мұраларының ішінде бұрын-соңды арнайы зерттеу нысанына алынбаған оқу кітаптарына мазмұндық-құрылымдық тұрғыдан кешенді талдау жасата отырып, бұл еңбектердің отандық педагогика мен оқу-ағарту саласындағы мәнін танытудың әдістемелік тиімді жолдарын саралау көзделді. Нәтижесінде студенттердің бұл мәселеге үлкен жауапкершілікпен, қызығушылықпен қарап, өзіндік ой-тұжырымдары қалыптасқаны анықталды.

Тарих қойнауына кеткен жәдігерлерді қайта парақтап, оларға бүгінгі күн биігінен талдау жасау арқылы білімалушылардың кәсіби-интеллектуалдық әлеуетінің артуына, танымдық белсенділіктерінің кеңеюіне, функционалдық сауаттылықтарының тереңдеуіне мүмкіндік берілді. Ең бастысы, жас ұрпақтың төл тарихына деген оң қатынасын қалыптастырумен қатар, олардың кәсіби-тілдік дағдыларды, тілдесім мәдениеті мен командада жұмыс жасау іскерліктерін меңгеруіне, өздігінен ізденістер жүргізуге мүдделілігін арттыруға қол жеткізілді.

Тағылымдық, тәрбиелік тұрғыдан қарағанда да ұлы жазушының осы уақытқа дейін беймәлім болып келген педагогикалық мұраларының отандық педагогика тарихын жаңаша зерделеуде өзіндік рөл атқаратыны дәйектелді. Бұл олардың ұлттық санасын, тарихқа деген объективті көзқарасын қалыптастыруға ықпалын тигізді. Зерттеу нәтижелері жұптық, топтық жұмыс формасында ұйымдастырылған кешенді шығармашылық, ізденімдік тапсырмалардың студенттердің кәсіби-тұлғалық қабілеттерін дамытуда тиімді рөл атқаратынын дәлелдеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Майлыұлы Б. Шала сауаттылар үшін оқу кітабы. 3-басылым. – Мәскеу: Кеңес одағындағы елдердің кіндік баспасы, 1929. – 162 б.
2. Майлыұлы Б. Шала сауаттылар үшін оқу кітабы. 4-басылуы. – Алматы: «Қазақстан» баспасы, 1930. – 188 б.
3. Бейімбет, Ғабит. «Сауат үшін» (сауаттандыру мектептеріне арналған әліппе құралы). – Алматы: «Қазақстан» баспасы, 1933. – 50 б.
4. Бейімбет, Ғабит, Әмірқан. «Сауаттандырғыш» (сауатсыздар әліппесі) – Алматы: «Қазақстан» баспасы, 1935. – 78 б.
5. Тұрғынов Е. Қазақ даласындағы оқу құралдарының жазылуы мен сауатсыздықты жою мәселесі (Бейімбет Майлиннің елеусіз қыры) // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы. Филология сериясы. – 2018. – №4 (66). – Б. 135–143.
6. Хумарзах А. Қазақ қоғамындағы білім жүйесінің даму деңгейі (XX ғасыр 20-30 жылдар) (Педагогикалық очерктер). [Электронды ресурс]. URL: [\(https://e-history.kz/kz/history-of-kazakhstan/show/32231#:~:text=%D0%91%D1%\)](https://e-history.kz/kz/history-of-kazakhstan/show/32231#:~:text=%D0%91%D1%) (қаралған күні: 20.03.2024)
7. Кеңестік білім беру жүйесінің жетістіктері мен қайшылықтары. [Электронды ресурс]. URL: <https://atamugaweb-kz.translate.google/?page> (қаралған күні: 23.03.2024)
8. Иманбекова Б. Қазақстандағы педагогикалық ойлар мен білім беру тарихы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2010. – 158 б.
9. Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал. – Алматы: Сардар, 2009. – 348 б.
10. Дүйсенбаев А. Педагогика: оқулық. – Астана: Фолиант, 2018. – 264 б.
11. Таубаева Ш.Т., Иманбаева С.Т., Берикханова А.Е. Педагогика: оқулық. – Алматы: ОНОН, 2018. – 357 б.
12. Тимофеева Ю.Н. Основные трудности адаптационного периода первокурсников медицинского вуза // Педагогика, психология, общество: современные тренды: материалы Всерос. научн.-практ. конф. с междунар. участием. – Чебоксары: ИД «Среда», 2020. – С. 252–296.
13. Алипина К.Б., Китапбаева А.А. Білім алушылардың ғылыми-зерттеу құзыреттілігін қалыптастыру // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2023. – №4 (130). – Б. 344–360. <https://doi.org/10.47526/2023-4/2664-0686.28>
14. Абдуллаева Ж.Т. Көркем шығарманы аудару және талқылау: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 136 б.
15. Жанұзакова К.Т. Герменевтика – интерпретация теориясы. – Алматы: Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, 2013. – 220 б.
16. Қасым Б. Қазақ тіліндегі күрделі сөздер: уәждеме және аталым. – Алматы: Ғылым, 2001. – 119 б.
17. Байменше С. Майлының Бейімбеті. – Алматы: Білім, 1994. – 156 б.
18. Аккузова А.А. Көркем мәтіндегі коммуникативтік қызметтің прагматикалық сипаты // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. – 2020. – №6/2. – Б. 334–340.
19. Салқынбай А. Ойлау мен таным: Сөз мағынасының тарихи тектілігі мен бүтіндігі // ҚазҰУ хабаршысы. – 2009. – №4 (120). – Б. 135–139.

REFERENCES

1. Maylyuly B. Shala sauattylar ushin oqu kitaby. 3-basylym [A textbook for preliterate. 3rd edition]. – Maskeu: Kenes odagynydayu elderdin kindik baspasy, 1929. – 160 b. [in Kazakh]

2. Maylyuly B. Shala sauattylar ushin oqu kitaby 4-basylyuy [A textbook for preliterates. 4th edition]. – Almaty: «Qazaqstan» baspasy, 1930. – 188 b. [in Kazakh]
3. Beyimbet, Gabit. «Sauat ushin» (sauattandyru mektepterine arналған alippe quraly) [“For Literacy” (alphabet tool for literacy schools)]. – Almaty: «Qazaqstan» baspasy, 1933. – 50 b. [in Kazakh]
4. Beyimbet, Gabit, Amirqan. «Sauattandyrgysh» (sauatsyzdar alippesi) [“Literacy” (alphabet of the illiterate)] – Almaty: «Qazaqstan» baspasy, 1935. – 78 b. [in Kazakh]
5. Turgunov E. Qazaq dalasyndagy oqu quraldarynyng jazyluy men sauatsyzdyqty joiu maselesi (Beyimbet Mailinning eleusiz qyry) [The writing of educational materials and the problem of eliminating illiteracy in the Kazakh steppe (the insignificant side of Beimbet Maylin)] // Abai atyndagy QazUPU-nin Habarghysy. Filologia seriasy. – 2018. – №4 (66). – B. 135–143. [in Kazakh]
6. Humarzah A. Qazaq qogamyndagy bilim juiesinin damu dengeii (XX gasyr 20–30 jyldar) (Pedagogikalyq ocherkter) [The level of development of the education system in Kazakh society (XX century 20-30 years) (pedagogical essays)]. [Electronic resource]. URL: <https://e-history.kz/kz/history-of-kazakhstan/show/32231#:~:text=%D0%91%D1%> (date of access: 20.03.2024) [in Kazakh]
7. Kenestik bilim beru juiesinin jetistikteri men qaishylyqtary [Achievements and contradictions of the Soviet education system]. [Electronic resource]. URL: <https://atamuraweb-kz.translate.google/?page> (date of access: 23.03.2024) [in Kazakh]
8. Imanbekova B. Qazaqstandagy pedagogikalyq oilar men bilim beru tarihy [Pedagogical thoughts and history of education in Kazakhstan]: oqu quraly. – Almaty: Qazaq universiteti, 2010. – 158 b. [in Kazakh]
9. Baitursynuly A. Til – qural [Language is a tool]. – Almaty: Sardar, 2009. – 348 b. [in Kazakh]
10. Duisenbaev A. Pedagogika: oqulyq [Pedagogy: Textbook]. – Astana: Foliant, 2018. – 264 b. [in Kazakh]
11. Taubaeva Sh.T., Imanbaeva S.T., Berikhanova A.E. Pedagogika: oqulyq [Pedagogy: Textbook]. – Almaty: ONON, 2018. – 357 b. [in Kazakh]
12. Timofeeva Iu.N. Osnovnye trudnosti adaptacionnogo perioda pervokursnikov medicinskogo vuza [The main difficulties of the adaptation period of first-year medical students] // Pedagogika, psihologiya, obshestvo: sovremennye trendy: materialy Vseros. nauch-prakt. konf. s mejdunar. uchastiem. – Cheboksary: ID «Sreda», 2020. – S. 252–296. [in Russian]
13. Alipina K.B., Kitapbaeva A.A. Bilim alushylardyn gylymi-zertteu qyzyrettiligin qalyptastyru [Formation of scientific research competence of students] // Iasui universitetinin habarshysy. – 2023. – №4 (130). – B. 344–360. <https://doi.org/10.47526/2023-4/2664-0686.28> [in Kazakh]
14. Abdullaeva J.T. Korkem shygarmany audaru jane talqylau [Translation and discussion of a work of art]: oqu quraly – Almaty: Qazaq universiteti, 2012. – 136 b. [in Kazakh]
15. Januzakova K.T. Germenevtika – interpretacia teoriasy [Hermeneutics is a theory of interpretation]. – Almaty: Qazaq memlekettik qyzdar pedagogikalyq universiteti, 2013. – 220 b. [in Kazakh]
16. Qasym B. Qazaq tilindegi kurdeli sozder: uajdeme jane atalym [Complex words in the Kazakh language: motive and title]. – Almaty: Gylym, 2001. – 119 b. [in Kazakh]
17. Baimenshe S. Mailynyn Beyimbeti [Mayly's Beyimbet]. – Almaty: Bilim, 1994. – 156 b. [in Kazakh]
18. Akkuzova A.A. Korkem matindegi kommunikativtik qyzmettin pragmatikalyq sipaty [Pragmatic nature of communicative activity in artistic text] // Qazaqstannyn gylymy men omırı. – 2020. – №6/2. – B. 334–340. [in Kazakh]
19. Salqynbai A. Oilau men tanym: Soz magynasynyn tarihi tektiligi men butindigi [Thinking and cognition: The historical origin and integrity of word meaning] // QazUU habarshysy. – 2009. – №4 (120). – B. 135–139. [in Kazakh]